**№ 11 М.П Окороков атындағы жалпы орта мектебінің педагог-психологы Ү .Култаеваның 2021-2022 оқу жылында атқарған жұмыстарының есебі21**

Мектептегі психологиялық қызмет жүйесінің атқарған ауқымы мол. Оқушылар, ата-аналар ұжымы
және коррекция бағыты деп аталатын төрт категорияны қамти отырып, психологиялық қызмет оқу тәрбие үрдісін жақсартуға,
мұғалімдер оқушылармен жұмысында жақсы нәтижелерге жетуге үлесін қосып келеді.

Психологиялық қызметтің 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспарына сүйене отырып ,қыркүйек айында диагностикалық бағыты бойынша оқушылардың психологиялық-әлеуметтік жеке картасын дайындаудан басталды. Бастауыш мектепте 1-4 сынып аралығында 261 оқушы бар. Отбасылық әлеуметтік жағдайлары анықталды.Әр сыныптың тізімі алынып құрылымымен танысып ,физикалық дамуы,танымдық қабілеттері,қызығушылық бейімділік,мінезі мен жүріс-тұрысының ерекшіліктері,тәрбиесі,үлгерімі толық зерттеліп анықтады және «Социометрия» әдісімен әр сыныптағы оқшауланған оқушылар анықталып, сыныптарда топтардың басқарушылары сайланды.

5-сыныптың орта буынға бейімделуіне байланысты топтағы қарым-қатынасын қалыптастыруға, менің бейнем «Кел танысайық» атты тренингтер. Ата-аналарға тренингтер өтті.«Филлипс» мазасыздық деңгейін анықтау сауалнама алынды. Қарым-қатынаста жетістікке жету жолдары психологиялық сабақ, сынып жетекшісіне, мұғалімдеріне және ата-аналарға кеңестер беріледі. Мектептегі мұғалімдермен сынып жетекшісімен, жолдастарымен, ата-анасымен қарым-қатынас сауалнамалар арқылы анықталды. Оқушының өзін анықтай білуіне және өзіне көмек бере алуына жағдай жасау үшін, «Мен қандаймын?» , «Мен кіммін?» оқушының жеке тұлғасын дамытуға арналған тренингтер өткізілді. Ата-аналарына «Қиын оқушыларды тәрбиелеу жолдары» баяндама оқылып, «Бір-бірімізді түсінуге үйренеміз» атты дөңгелек үстел, оқушылардың пәндерге деген қызығушылығын анықтау мақсатында тест, сауалнамалар алынды.

**11-сынып оқушылармен ҰБТ-ге байланысты жүргізілген жұмыстар. Диагностикалық бағытта** . Бөлім тұлғаның жеке жас ерекшіліктерін сондай-ақ тұлғааралық өзара әрекеттерін зерттеу. «ҰБТ-ге көзқарастың қандай» сауалнама, оқушылардың ҰБТ-ге дайындық деңгейін анықтау. ҰБТ-ге дайындық барысындағы қиындықтар зейін, зейінді дамыту жолдары және әдістері, еске сақтау, еске сақтау тәсілдері лекциялар оқылып, ата-аналарға жетістікке жету жолдары айтылды. Түзету және дамытушылық бөлімі

бойынша релаксация және үрейді жеңу, өзіңді-өзің таны, стрестен қалай күресуге болады, өзіңді-өзің жарнамалау, сәлемхат, эксперимент жаттығу, «Мен саған сенемін», «Әй, жарайсың!», «Емтихан кезінде өзіңді-өзің» қалай ұстау керек. ҰБТ-ге психологиялық дайындау тренингтері. Оқушының бойындағы жеке тұлғасын дамытуға: «Жұлдыздар», «Сиқырлы жұмыртқа», «Қарым-қатынас шеберлігі», «Біздің даусымыз», «Әрқашан күн сөнбесін», «Алфавит», «Орынды иемдену», «Жіп», «Кел танысайық ,жылылықтату», «Соқыр теке» , «Көңіл күй суреті», « Болады, болмайды», «Төрт апат» т.б. Мамандық таңдауға «Өз мамандығыңды тап», «Сиқырлы карандаш», «10 жылдан соңғы кездесу», « Кедергі» т.б. тренингтер өткізілді.

**Консультациялық бағытта.** ҰБТ-ге дайындық кезінде қиыншылықтар, ҰБТ кезінде стрестен арылу жолдары. Жүйке жүйесіне түсетін күштен арылу. Емтиханға деген сенімділік кеңестер берілді. Оқушыларды диагностикалау жоғарғы буындарда тұлғаның типін анықтау, 9-11 сыныптар. Танымдық қызығушылықтың диагностикасы, Коммуникативті және ұйымдастырушылық, АҚТҚ, ЖҚТҚ-ден қалай сақтану керек? Оқушы мен мұғалім қарым-қатынасын зерттеу, насыбайдан, нашаға дейін әңгіме, жеке тұлғаның агрессивтілігі мен қақтығысқа бейімділігі сауалнама алынып, емтихан алдындағы стресстің алдын алу кеңес берілді. Мамандық таңдау бойынша оқушының мамандық таңдауында ата-анасының маңызы, болашағыңды болжадың ба, мамандыққа байланысты оқушылардан сауалнамалар алынды. Мамандық таңдаудың әсер етуші факторлары, мамандық таңдау ережесі, мамандық таңдаудағы қателіктер мен қиындықтар психологиялық кеңес, «Кім боласың, кім боласың ертең сен?» сабақ, «Мен қаладым» дөңгелек үстел өткізілді. Оқушылардың іс-әрекетті шығармашылықпен орындау мүмкіншілігін қамтамасыз ететін қабілеттің жоғары түрін дарындылық деп атайды. Интеллектуалдық қабілеттерін зерттеу, диагностика. «Дарындылықты қалай аша аламыз» сауалнама, танымдық процестерді арттыруға қатысты тренингтер, зейінді дамытуға жаттығулар, логикалық жаттығулар өткізілді.

Жоғарғы сынып оқушыларының мақсатында стресс жағдайларының алдын-алу, күйзелістің алдын алу үшін психологиялық көмек баяндама, «Отбасындағы қарым-қатынаста балалардың суицидтік әрекеттерге баруының себептері» тренинг сабақ «Мен құштар әлем», «Сілкіп таста», «Мен қандаймын?» тренингтер, «Менің көңіл-күйім», «Ашуыңызды ірке білесіз бе?» тест. Жас мамандарға, мұғалімдерге сауалнама «Күйзелісті тиімді түрде алып тастау үшін жүргізілетін жаттығулар», жас мамандармен танысу, жеке психологиялық карта жасақтау, жас маманға сабаққа дайындалуға кеңестер «Сіз қандай ұстазсыз?», «Ұстаз шыдамдылығы», «Мұғалімдер шеберлігі» ситуациялар «Сіз қандай жұмысшысыз?», «Сіздің мәселеңіз неде?» тест, сауалнамалар алынды. «Жас маманға көмек уақыт талабы» семинар өткізілді. Жас мұғалімнің ұжымдағы педагогикалық-

тұлғалық орнын анықтау тренингтер, яғни бейімдеу жұмыстары жүргізіліп сабактарына бақылау жасалып үнемі ақыл-кеңес берілді. 9-сыныптарда ОЖСБ-ға дайындауда минилекция «Емтиханға қалай дайындалу керек?», «Жүйке-психикалық қысым мен қатаюдан арылу тәсілдері», «Тест тапсырудың психологиялық технологиясы», «Ата-аналарға кеңес» тақырыбында психологиялық кеңестер берілді. «ОЖСБ-ға әзірлік», «Стрессе қалай қарсылық көрсету» сауалнамалар алынды. «Сыйлыққа сәлем мен қошемет сөз», «Суретті сал және екінші адамға бер», «Қасиеттер тізімі», «Ааааа және ииии», «Сілкіп таста» жаттығулары, «Сенімділік күш береді» жағымды сөздер, «Ақ парақтың екі бөлігі», «Мен саған сенімдемін» атты тренингтер жүргізілді. Оқушылармен ОЖСБ-ға психологиялық тұрғыда дайындау, мұғалімдер арасында «ОЖСБ-ға психологиялық дайындық, психологиялық технология» тақырыптарында кеңестер беріліп, семинарлар өткізілді. Ұжым мүшелерінің тұлғалық сапасы мен ерекшелігіне, құқығына, абыройы мен намысына нұқсан келтірместен, көздеген мақсатқа бағыттай білу шеберлікті қажет етеді. Ал шеберлік тәжірибелер арқылы қалыптасады. Психолог-маман сыныптағы оқушылармен ғана емес ересектермен немесе педагогикалық ұжымның әр мүшесімен мәдени қарым-қатынаста болып, тұлғалық мүмкіндіктерін ашады. Топпен жұмыс жүргізгенде көбінесе орындауға жеңіл, еркіндікті тлап ететін ойыдар, жаттығулар өткізілді. Мұны психолог емес, әр мұғалім өз сабағында мақсатына орай пайдалана алады. «Өзінді таны», «Кәсіби шыңдалуға ынталану» деңгейін анықтау үшін мұғалімге арналған сауалнама, «Сіз қандай ұстазсыз?», «Ұжымның психологиялық ахуалын зерттеу», «Басшының басқару стилін бағалау» тесті, «Мұғалімнің жұмыс жасау стилін анықтау», «Педагогикалық қабілетті зерттеу» тестілері алынды. «Қарым-қатынас жасай білу үлкен өнер», «Көңілі көтерінкі ұстаздың еңбегі де жемісті», «Өз-өзіне қалай сенімді болуға болады?», «Біз қандай мұғалімбіз?» т.б тренингтер өткізілді. Ата-аналардан әр түрлі тақырыптарда тест, сауалнамалар алынды. Ата-аналар мен оқушыларға берілген тест-сауалнамалардың мақсаты олардың бірін-бірі қаншалықты жақсы білетіндігін анықтау. Ата-аналар арасында ҰБТ-ге, ОЖСБ-ға дайындыққа ықпалдары жайында және жасөспірімдердің психологиялық даму ерекшеліктерін ескеріп, «Суицидтік мінез-құлықтың өзіндік психологиялық ерекшеліктері» атты әңгімелер және бәтеңкедегі тас, сілкін, күлімдеу, мен киммін?, сиқырлы қобдиша, шар үрлеу.Ата-аналар мен жүргізілген тренингтер : ұрыспай керісу, аквариум, жанұя, өз жұлдызыңды тап , тілек шамы, кездесу,сипап сезу.

«Қиын баланы тәрбиелеу жолдары», «Отбасындағы бала тәрбиесі», «Өтпелі кезеңнің психологиялық ерекшеліктері» атты баяндамалар оқылды. Қиын және қиынға бейім оқушылармен: «Мен кіммін?», «Өзіндік таным», «Орныңды жылдам ауыстыр», «Болады,болмайды көңіл-күй суреті», «Мен басқаның көзімен », «Менің ерекшеліктерім».

Психологиялық қызметтің жұмысының нәтижелілігін тек мынадай жағдайда көруге болады: психолог пен педагогикалық ұжымның бірін-бірі

жүйесіндегі оқыту-тәрбие жұмысындағы кәсіби қарым-қатынас біртұтас болса бала тәрбиесіндегі психологтың көзқарасы мен ұстаздың балаға деген көзқарастары бірін-бірі толықтырылып отырса, ата-анамен байланысты болса жұмыс өз нәтижесін береді.

**Мектеп педагог-психологы:** **Ұ Култаева.**